

"Ұлытау облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтер құнын айқындаудың әдістемесін бекіту туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 05/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2026 жылғы 22 қаңтардағы № 06/01 қаулысы

Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ұлытау облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесін бекіту туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 05/01 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыдағы қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ұлытау облысының қоғамдық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облысының әкімі

Д. Рыспеков

Ұлытау облысының әкімдігінің

2026 жылғы "22" қаңтар

№ 06/01 қаулысына

қосымша

Ұлытау облысының әкімдігі

2025 жылғы "16" қаңтардағы

№ 05/01 қаулысына қосымша

Ұлытау облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасы

№	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Базалық баға қосылған құн салығын қосқанда (теңге)
1	Ақпараттық материалдарды әзірлеу (дайындау және құру) және оларды мерзімді баспасөз		1500

	басылымдарында (см2 газеттерде) орналастыру (Bn)		
2	Ақпараттық материалдарды әзірлеу (дайындау және құру) және оларды мерзімді баспасөз басылымдарында (журналдарда) орналастыру (Bm)	см2	627,2
3	Ақпараттық материалдарды әзірлеу (дайындау және құру) және оларды интернет-ресурста орналастыру (Bi)	символ	150
4	Ақпараттық материалдарды әзірлеу (дайындау және құру) және оларды міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналар эфирінде, телевизияда (сюжеттер, бағдарламалар) орналастыру (Btv)	минут	637 910
5	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Ұлытау облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телеарналардың эфирінде ақпараттық материалдарды әзірлеу (дайындау және құру) және оларды телевизияда (сюжеттер, бағдарламалар) орналастыру (Btv)	минут	16800
6	Ақпараттық бағдарламалар мен аудиороликтерді әзірлеу (дайындау және құру) және радиода орналастыру (Br)	минут	17 500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК